



ҚР, Алматы қ.,  
Әйтиева көшесі, 140, офис 1008  
Тел. +7 700 088 00 65  
a.maqsat@daryn.online

ШХ №63  
17 мамыр 2020 ж.

**Облыстық, аудандық, қалалық білім  
басқармаларына, жалпы білім беретін  
мекемелер басшыларына  
Республикалық білім беру ұйымдарына**

DARYN.ONLINE білім беру платформасы Qaztest.kz интернет олимпиада сайтымен бірлесе отырып мектеп оқушыларының арасында үш тілділікті насихаттау мақсатында **Республикалық «Жас полиглот» қашықтық олимпиадасын** (бұдан әрі Олимпиада) өткізеді. Олимпиадаға 5-11 сынып оқушылары қатысады. Олимпиада сұрақтары 3 бөлімге бөлініп, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері бойынша беріледі. Сұрақтар әр сыныптың деңгейіне сәйкес құрастырылған.

**Олимпиаданың мақсаты:** үш тілділікті насихаттау және мектеп оқушылары арасында тілді жетік меңгерген жас полиглоттарды анықтау және оларды марапаттау.

Олимпиада <https://daryn.online/> сайтында өтеді.

**Олимпиада бір кезеңмен өткізіледі.**

Олимпиада уақыты: 18-23 мамыр аралығы.

Қорытындысы: Олимпиада тапсырғаннан кейін бірден анықталады.

Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификат, жүлдегерлеріне I,II,III дәрежелі дипломдар, сертификаттар беріледі.

Ең үздік және ең жылдам әр сыныптан шыққан 20 оқушыға «Финляндия-ақ лалагүлдер мекені» кітабы сыйға беріледі және келесі 5 оқушыға 5000d беріледі.

Олимпиада туралы толық ақпаратты [help@daryn.online](mailto:help@daryn.online) поштасы арқылы білуіңізге болады.

«Daryn.online» ЖШС  
директоры



Асқар Мақсатұлы

## Республикалық «Жас полиглот» қашықтық олимпиадасының ЕРЕЖЕСІ

### 1. Жалпы ереже

- 1.1. Daryn.online білім беру платформасының осы Ережесі (әрі қарай – Ереже) олимпиадаларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды (әрі қарай – Қашықтық олимпиада);
- 1.2. Қашықтық олимпиада жайлы мәліметтер және қорытынды нәтиже Daryn.online сайтында жарияланады;
- 1.3. Олимпиада 18-23 мамыр аралығында <https://daryn.online/> сайтында онлайн форматта өткізіледі;
- 1.4. Олимпиадаға қазақ тілінде оқитын 5-11 сынып оқушылары қатыса алады;
- 1.5. Олимпиада тапсырмалары әр сыныптың оқыту бағдарламасына сәйкес қазақ тілі, орыс тілі мен ағылшын тілі пәндері бойынша беріледі;
- 1.6. Тапсырмаларды ұйымдастырушылар бекітеді;
- 1.7. Олимпиадада апелляциялық комиссия құрылмайды және нәтиже қайта қаралынбайды;
- 1.8. Қашықтық олимпиадаға қатысу – ақылы, ерікті негізде жүзеге асырылады;
- 1.9. Қатысу жарнасы - 400 теңге немесе 400 daryn бонусы. Оқушы сайтта жинаған дарындарын пайдаланып, тегін қатыса алады.
- 1.10. Қаражатты қатысушылардың кәмелетке толған өкілдері ғана төлей алады – ата-ана, мұғалімдер, басқа өкілдер;

### 2. Республикалық олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

- 2.1. Мектеп оқушыларының көп тіл меңгеруге қызығушылығын арттыру және үш тілділікті насихаттау;
- 2.2. Оқушылардың тілді үйрену деңгейін анықтау ;
- 2.3. Үздік нәтиже көрсеткен полиглот оқушыларды марапаттау.

### 3. Республикалық олимпиаданы өткізілуі мен тәртібі:

- 3.1. Олимпиада тапсырмалары 30 сұрақтан тұрады, әр бөлімде 10 сұрақтан болады;
- 3.2. Сұрақтар қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілдері бойынша 3 бөлімге бөлініп, әр бөлім бойынша 10 сұрақтан беріледі;
- 3.3. Олимпиадада оқушының үш пән бойынша грамматика, тілді меңгеру, мәтінмен жұмыс және сөздік қорын анықтайтын сұрақтар беріледі;
- 3.4. 1-20 ұпай аралығы – сертификат, 21 ұпайдан жоғары алған қатысушылар I,II,III дәрежелі дипломдармен марапатталады;
- 3.5. Бір адам ең көбі 3 рет тест тапсыруға мүмкүндігі бар. Ең жоғарғы және ең жылдам нәтижесі рейтингке алынады. Әр тапсыру жеке-жеке 400 теңгемен немесе 400 daryn бонусымен төленеді;
- 3.6. Тестілеуден өту үшін қатысушыға 60 минут уақыт беріледі;
- 3.7. Тестті жауып алу немесе интернет үзіліп кету мәселелері орын алған жағдайда 40 минут ішінде тестті басынан жалғастыра алады;
- 3.8. Олимпиадаға төлем жасағаннан кейін ғана қатысу мүмкүндігі ашылады;
- 3.9. Тестілеудің нәтижесін қатысушы тестті орындағаннан кейін бірден біле алады;
- 3.10. Қатысушы марапаты тесттен өткеннен кейін жеке парақшасында «Марапаттар» бөлімінде сақталады.

#### **4. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар:**

- 4.1. Қатысушы ешкімнің көмегінсіз тапсырмаларды өзі орындауы тиіс;
- 4.2. Өзге адамға орындатқаны белгілі болса нәтижесі жойылады;
- 4.3. Олимпиада барысында қандай да бір заң бұзушылықтарғы қатаң тыйым салынады және заңмен қорғалады;
- 4.4. Олимпиада барысында кері батырмасын басуға және басқа бетке ауысуға болмайды;
- 4.5. Уақытында енгізілмеген тапсырмалар үшін төлемдер қайтарылмайды;
- 4.6. Берілген сұрақтарды белгілемей алдыға және кейін шегінуге болмайды;
- 4.7. Тест нәтижелері қайта қарауға жатпайды және апелляциялық комиссия құрылмайды. Қосымша сұрақтар [help@daryn.online](mailto:help@daryn.online) почтасына қабылданады.

### **ОЛИМПИАДАНЫҢ МАРАПАТТАУ РӘСІМІ**

Тесттен өткеннен кейін барлық қатысушыларға сертификат беріледі. 21 ұпайдан жоғары алған қатысушыларға **I,II,III дәрежелі диплом және сертификат** беріледі.

#### **Орын ұпайлары:**

- I орын – 28-30 ұпай
- II орын – 25-27 ұпай
- III орын – 21-24 ұпай

Қатысушылардың I, II, III дәрежелі дипломдары олимпиада барысында парақшасында «Марапаттар» бөліміне сақталады.

Олимпиадада әр сынып бойынша ең жоғары балл жинап, ең үздік алғашқы 20 оқушыға «Финляндия-ақ лалагүлдер мекені» кітабы сыйға беріледі және келесі 5 оқушыға 5000 дарын бонусы беріледі. Ұпай сандары тең болса уақыт жылдамдығы ескеріледі.

### **ТӨЛЕМ ЖАСАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Төлемдер Kaspi.kz қосымшасы, QIWI терминалы арқылы (Білім беру қызметтері→Daryn.online) және кез келген банк картасымен интернет банкинг арқылы онлайн жүзеге асырылады. Kaspi.kz қосымшасы, терминалдар арқылы және онлайн төлем жасаған қатысушылар түбіртек жіберудің қажеті жоқ. Олардың төлемі жеке парақшасына бірден түседі.

**Олимпиада барысында туындаған барлық сұрақтар бойынша талап-пікірлер** [help@daryn.online](mailto:help@daryn.online) электронды почтасына қабылданады.